

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Құралай» жекеменшік балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	Балдаурен				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Сергазина Нургуль				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	02.01-06.01.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,			"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үйді өздігінен	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру.	ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүрту.	өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу.
			Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз". Мақсат-міндеттер. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз". Мақсат-міндеттер. Педагог балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ біраз өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсынады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері) Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ". Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш.	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату). Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау), Айналып, солға ұшып (қолдармен екінші жаққа бұраңдау). Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру), Тыныш жатыр, бізді

			қателессе, сол жүргізуші атанады. (дене шынықтыру)	Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (қазақ тілі, математика негіздері)	күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу). (сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалып. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас,				

	Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Қысқы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	Қысқы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	Қысқы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен			Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті,	Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел. Қыс қандай болса, жаз да осындай. Байқау: жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.	Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе - күн жылынады Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды. Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру) Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру.
--------	--	--	--	---	--

		шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек. (еңбек дағдылары) Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар. Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді	Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. Еңбек. Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту. (еңбек дағдылары) Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын	Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. Еңбек. (еңбек дағдылары) Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. Өз бетімен ойындар. Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу.
--	--	--	--	--

			бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	байқадық.	
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтенкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Вариативті компонент/Шығармашылық Аққала Мақсаты: екі еселеп бүктелген шаршылардан	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.	"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып

			дөңгелектер қию тәсілін жетілдіру; әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден құұала бейнесін құрастыруды үйрету; қолдарының икемділіктерін арттыру.	Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр.Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды. Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен
--	--	--	---	---	---

					бастың төбесін жабу) Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу) (сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс			Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қыс" мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Қар" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Қар" (Тілеген Шопоаев) Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды	Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қыс қысығы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)

				асқақ Жантайыпты жамбастап. Жантайыпты жамбастап. (көркем әдебиет)	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)			Психолог кеңесі. "Баланың тілін қалай дамытамыз?"	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"

Тексерген: Оразғалиева Г.Б.

